

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 219 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 шілдеде № 3803 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 19 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 22.01.2018 № 19 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді).

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Е.Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2016 жылғы 16 маусымдағы № 219
қаулысымен бекітілді

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті (бұдан әрі - регламент) "Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 137 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13610 болып тіркелді) бекітілген "Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына (бұдан әрі - стандарт) сәйкес әзірленді.

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламентке 1-қосымшаға сәйкес аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу немесе осы регламенттің 5-тармағында көзделген жағдайлар негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: құзыретін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме мыналар болып табылады:

стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін);
эскиз (эскиздік жоба);
сәулет-жоспарлау тапсырмасының көшірмесі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз ретінде:

- 1) мақсатына қатысты қойылатын талаптар кешенінен;
- 2) негізгі параметрлерінен;
- 3) объектінің нақты жер учаскесінде орналасуынан;
- 4) көшелерді, орамдарды және тұрғын үй алаптарын салудың сәулет-көркем колористикасына сәйкес түсіне қатысты шешімнен ауытқулар болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

- 1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес

объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу кезінде мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 10 (он) жұмыс күні ;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны айқындайды, қарар қояды – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасымен келіседі және кеңсеге береді – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут;

2) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу кезінде мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 15 (он) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны айқындайды, қарар қояды – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 14 (он төрт) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасымен келіседі және кеңсеге береді – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

7. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдардың) нәтижесі:

- 1) құжаттарды қабылдау және тіркеу;
- 2) жауапты орындаушыны айқындау;
- 3) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасы;
- 4) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасына қол қою;

5) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау

8. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

9. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін с и п а т т а у :

1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу кезінде, мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 10 (он) жұмыс күні ;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны айқындайды, қарар қояды – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасымен келіседі және кеңсеге береді – 3 (үш) сағат;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут;

1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілердің эскизін (эскиздік жобасын) келісу кезінде, мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын дәлелді бас тарту жағдайларын қоспағанда, 15 (он бес) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, жауапты

орындаушыны айқындайды, қарар қояды – 3 (үш) сағат;
 көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 14 (он төрт) жұмыс күні;
 көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын келіседі, кеңсеге береді – 3 (үш) сағат;
 көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

4. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау

11. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы және "электрондық үкімет" веб-порталы мемлекеттік қызметті көрсетпейді.

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша


Көрсетілетін қызметті берушілердің тізбесі

Бөлім атауы	Мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
"Аққайың аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Аққайың ауданы, Смирнов ауылы, Труд көшесі, 16	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71532) 2-24-62
"Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі,1	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71537) 2-15-48, 2-19-43
		Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 –	




"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есіл ауданы, Явленка ауылы, Ленин көшесі, 10	14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71543) 2-27-56 2-14-87
"Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 44	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71533) 2-24-35 2-26-79
"Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Целинная көшесі, 13	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71546) 7-90-91 2-10-09
"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жамбыл ауданы, Пресновка ауылы, Е.Шайкин көшесі, 30	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71544) 2-27-12 2-27-35
"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71531) 2-80-44 2-80-26
"Қызылжар аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Институтская көшесі, 1	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71538) 2-10-73 2-19-86
"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 5	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71541) 2-24-46 50-24-48
"Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новошим ауылы, Ленин көшесі, 2	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71535) 2-15-79 2-24-50
"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71536) 2-20-56 2-17-30
"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 85	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71542) 2-25-05 2-20-55
"Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Победа көшесі, 35	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71534) 2-03-89 50-06-64
"Петропавл қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 23	Күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00 – 14.30 түскі үзіліс, демалыс – сенбі және жексенбі	8(7152) 46-74-76 46-74-79 50-20-87

"Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде



Шартты белгілер:

	- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
	- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің (ҚФБ) атауы
	- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту